

Махі Чай. Отандық өнімнің жаңа белесі



Қазақстандағы ең танымал сусындардың бірі – Махі чай жастарға берген уәдесін орындады. Компания бұған дейін: «Егер TikTok желісінде 1 миллион оқырман жиналса, арнайы 2 литрлік Махі чай шығарамыз» деген болатын. Уәде орындалып, жаңа қаптаманың шығуы ресми түрде жарияланды.

Жастардың махаббаты арқасында Махі чай TikTok-та рекорд орнатып, 1 миллионнан астам оқырман жинады. Әлеуметтік желілердегі түрлі челленджер, флешмобтар мен бейнероликтер бұл сусынды нағыз трендке айналдырды.

«Махі Чай» компаниясының директоры Тұрсынғали Алагөзовтің айтуынша, 2 литрлік Махі чай осы жылдың қазан немесе қараша айында дүкен сөрелерінде пайда болады. Бұл жаңалықты тұтынушылар асыға күтіп отыр.

Онымен қоса, биылғы маусым айында Шымкентте маңызды оқиға орын алды.

GALANZ bottlers компаниясы «Махі Чайдың» жаңа өндірістік желісін іске қосты. Жаңа цех заманауи қондырғылармен жабдықталып, халықаралық стандарттарға сай дербес өндіріс ретінде құрылды. Бұл жобаға қытайлық Tech-Long компаниясы мен қазақстандық мамандар атсалысты.

Өндірістің Шымкентте ашылуы логистиканы оңтайландырып, Түркістан, Тараз сияқты оңтүстік өңірлерді жылдам әрі тиімді қамтуға мүмкіндік берді. Жобаға 5 миллиард теңге инвестиция салынып, жүзден астам жаңа жұмыс орны ашылды. Бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосты.

Тұрсынғали Алагөзов бұл жөнінде:

“Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз үшін өңделген өнім экспортын ұлғайтудың маңыздылығын бірнеше рет атап өткен болатын. Жаңа желінің іске қосылуы осы міндетке толық сәйкес келеді. Енді біз қазақстандық сусындарды шетелдік нарыққа шығару көлемін арттырамыз. Әсіресе, көрші Өзбекстанға өнім жеткізу тиімді болмақ.

Шекараға жақын орналасудың арқасында логистикалық шығындар азайып, өнімді тез жеткізуге мүмкіндік туады”, – деді.

Жастардың қолдауымен TikTok-та 1 миллион оқырманға жеткен Махі чай уәдесін орындап, көлемін 2 литрге арттырды. Маусым айындағы жаңа өндірістік желінің іске қосылуы да елімізде отандық өнімдердің қарқынды дамып, жаңа белестерге көтеріліп жатқанын дәлелдейді. Бүгінде қазақстандық брендтер ішкі нарықпен шектелмей, шетелде де сұранысқа ие бола бастады. Махі чай – осының айқын көрінісі.

Күзде дүкендерден 2 литрлік жаңа қаптаманы күтіңіздер!